

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия
отырысының №1 хаттамасы**

Күні: 19.09.2018

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі, мектеп директоры,
орынбасарлары, мед бике, шаруа ісінің меңгерушісі.

Қатыспағандар: жоқ

**Қамқоршылық кеңесінің жаңа оқу жылындағы атқарылатын жұмысы бойынша
№1 отырысының хаттамасы**

Қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыратын комиссия құрамы

1. Т.Н.Нуриденов –Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, /комиссия төрағасы/
2. А.Қ.Пазылов /комиссия төрағасының орынбасары/
3. О.Б.Әбен құқық бұзушылықтың алдын-алуын қадағалау учаскелік
инспекторы/комиссия мүшесі/
4. А.С.Көпеев «Асылтас»Жеке шаруа қожалығы/комиссия мүшесі/
5. А.Е.Конурбаева ата-аналар комитетінің төрайымы/комиссия мүшесі/
6. К.М.Токенов /комиссия мүшесі/
7. М.Б.Мусаипов «Айдос» жеке шаруа қожалығы
8. Т.Сембаев Жеке шаруа қожалығы /комиссия мүшесі/
9. Іс қағаз жүргізуші Смагулова Қ.Т. Әкімшілікте бас маман /хатшы/

Күн тәртібінде:

1. Былтырғы 2017-2018 оқу жылындағы атқарылған іс-шаралардың қорытындысы.
2. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен таныстыру.
3. Жаңа 2018-2019 оқу жылындағы атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстыру .
4. 2018 жылғы тамыздың 1-нен қыркүйектің 30-ы аралығында өтетін «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының қатысушыларын анықтау.

Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нуриденов Тұрсын Назымханұлы сөз алды. Біздің қамқоршылық кеңесі 2017-2018 оқу жылының басынан бастап құрылған құрам жұмыстарын атқаруда. Қамқоршылық кеңесінде 9 адам жұмыс істеуде. Жұмысымыз М.Ж.Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің әкімшілігімен бірлесе отырып бірнеше жұмыстар атқарылды. Жалпы оқу айлығы бойынша . Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы «Мектепке жол» акциясына байланысты бірнеше ЖШҚ-ры көмектерін берді. Жекелеген адамдарда өз көмектерін беріп аяған жоқ. Мектеп өмірінде болып жатқан іс-шараларға қатысып отырамыз. М.Ж.Көпейұлының 130 жылдық конференциясына да қатысып өз ниеттерімізді білдірдік. Сабақтан себепсіз қалып жатқан оқушылардың ата-аналарымен де сөйлесіп жұмыстарды бірлесе атқарамыз.

Тыңдалды: Мектеп директоры Кенжалин С.М. сөз алды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Нуриденов Тұрсын Назмұқанұлы өзін қайта сайладық. Жалпы қамқоршылық кеңесінің құрамы өзгертілмей қалдырамыз деген ойдамыз. Себебі былтырғы

бізбен бірге бірлесіп атқарып келген жұмыстарына қарай қалдыруға ұйғарылды. Қамқоршылық кеңесінде 9 адам жұмыс істеуде. Жұмысымыз М.Ж.Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің әкімшілігімен бірлесе отырып бірнеше жұмыстар былтырғы оқу жылында атқарылды. Жалпы жұмыстары қанағаттанарлық деп танылды.

ТІМ. Нуриденова Г.Н.қызы сөз алды. Жалпы оқу айлығы бойынша . Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы «Мектепке жол» акциясына қатысып 0-18 жас аралығына дейінгі мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін олардың есебі толық алынды. №33 бұйрығын іске асыру мақсатында 2018-2019 оқу жылындағы № 55/4-Н бұйрығын орындау мақсатында атқарылған іс-шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Мектепке жол» акциясына қатысып бірнеше шаруа қожалықтарын тартып көмек беруге атсалысып жатыр осы оқу жылының басында әлеуметтік қорғалмаған отбасылар саны-10 отбасы. Мектепте оқитындары 18 оқушы . Барлығы жаппай оқу қорынан тегін тамақтанады. Отбасы балаларына көмек көрсетуге ЖШҚ-на қатынас хаттар жазылып таратылып тасталды. Көмек береміз деген ЖШҚ өз ниеттерін білдіруде. Көп балалы отбасы саны анықталды: 14 отбасы бар. Мектепте оқитындары 36 оқушы. Барлығы ыстық тамақпен қамтылды.

Шаруа меңгерушісі: Мергенбаева Г.Ж-қызы сөз алды. Мектебіміздің жалпы тазалығы жақсы, барлық кабинеттер дайын, әктелді. Тек спорт зал мен акт залының ғана ремонтын қанша жасаса да жауын болса болды төбесінен ағып өз қалпына келеді. Мектеп дәліздерінің екінші қабатының төбесінен де жауын болса болды ағып сылаған жерімізді тағы сарғайтып тастайды. Жалпы мектебіміз таза, оқу жылына дайын.


Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша мектептің медбикесі А.М.Сеитова сөз алды. Жанаоқу жылының басында мектептің дайындығы жақсы, қазір де таза. Арасында хлоркамен жуып дезинфекция жасап отырады. Сынып бөлмелері мен мектептің дәліздері сырланды. Мектеп оқушылары мамыр айында медициналық тексерістен толық өтті. Мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлері тамыз айының соңына дейін толық медициналық тексерілістен өтті. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы жақсы.

Қаулы қабылданды:

1. Балалар мен жасөспірімдерді оқумен қамту жөніндегі ұйымдастырылған комиссия құрамы бойынша қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа 2018-2019 оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп мектеп директорының бақылауына алынсын.
3. Жоғарыда айтылған комиссия міндеттері мен атқарылатын жұмыстары есепке алынсын. Жүргізілетін жұмыстар дұрыс ұйымдастырылсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



С.М.Кенжалин

Смагулова Қ.Т